

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Экономика және басқару факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің
№1 ХАТТАМАСЫ

23.10.2025 ж.

Түркістан қаласы

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы:

Ерназарова С. – Экономика және басқару факультетінің декан орынбасары

Комиссия мүшелері:

Азретбергенова Г.Ж. – Экономика, қаржы және есеп кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к., профессор;

Куралбаев А.А. – Менеджмент және туризм кафедрасының меңгерушісі, PhD, аға оқытушы

Анламасова М.К. – Халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, PhD, аға оқытушы

Тайжанов Л.Т. – PhD, доцент

Асанова А.С. – аға оқытушы

Кенешбаев Б. – PhD, аға оқытушы

Нысанбаева А. – сая.ғ.к., доцент м.а.

Әбсаттар С.Т. – магистр, аға оқытушы

Жұмаділла Ш.А – ДМБ-311 тобының докторанты

Әбдиева Р.А – МҚЖ-411 тобының магистранты

Тасболатова Г. – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

Мәжіліс хатшысы:

Байтлесова З.Д – ЗХҚ-511 тобының студенті

Қатыспағандар: жоқ

Шақырылғандар:

Йылмаз Узун – Факультет деканы, PhD,;

Ибрагимова Л. – Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссиясының 2025-2026 оқу жылына жоспарын бекітуге ұсыну

2. Факультеттегі білім беру бағдарламаларының Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу

3. 2025-2026 оқу жылының күзгі семестріндегі пәндердің оқу-әдістемелік кешенінің әзірленуі мен порталға толық жүктелуіне мониторинг жүргізу

4. Қыркүйек, қазан айларында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

1. **Тыңдалды:** Бірінші мәселе бойынша Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссиясының төрағасы С.Ерназарова: Факультет деканының, кафедра меңгерушілерінің ұсынысы және ұсынылған кісілердің келісімі негізінде комиссия құрамы мен мүшелері анықталып, бекітуге ұсыныс берілді. Комиссия құрамы Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисованың өкімімен бекітілді. Комиссияның 2025-2026 оқу жылына жұмыс жоспары жасалып, факультеттің бірінші мәжілісінде

талқыланып, бекітілді. Аталған жұмыс жоспарына сәйкес белсенді, нәтижелі жұмыс жасауға шақырамын, барлығыңызға сәттілік тілеймін.

Шешім:

1.1. Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының жұмысы 2025-2026 оқу жылына арналған жоспарға сай жүргізілсін. (Жауапты: комиссия төрағасы С.Ерназарова).

2. Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссиясының төрағасы С.Ерназарова: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы №4 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына факультеттегі білім беру бағдарламаларының сәйкестігіне мониторинг жүргізілді. 2,3,4,6,7,9-қосымшалар, университет деңгейінде ортақ талаптар болғандықтан, оларға мониторинг жасалған жоқ. Бірақ айта кету керек университет деңгейінде ол талаптарға толықтай сәйкес екендігі туралы ақпаратты, жауапты бөлімдер тиісті дәлелдерімен барлық құрылымдық бөлімдерге ұсынып отыр. Факультетте дайындалатын білім беру бағдарламаларының біліктілік талаптарына сәйкестігі Оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы (1-қосымша), Кадрларды даярлау бағытының білім беру бағдарламалары бойынша оқытушы кадрлармен жасақталуы (5-қосымша), Оқытылатын пәнінің бейініне сәйкес оқытушылардың біліктілігін артыруы (8-қосымша), Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немес оқу құралы көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер (10-қосымша) бойынша мониторинг жасалды. Мониторингтің толық нәтижежісі 1-Кестеде берілген.

1-кесте

ББ шифрі	ББ атауы	1-қосымша сәйкес/сәйкес емес	5-қосымша сәйкес/сәйкес емес	8-қосымша сәйкес/сәйкес емес	10-қосымша сәйкес/сәйкес емес
Менеджмент және туризм кафедрасы					
6B04140	Менеджмент	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес
6B04141	Мемлекеттік және жергілікті басқару	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес
6B11157	Туризм	Толық емес	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес
7M04119	Менеджмент	Толық емес	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес
7M04160	Денсаулық сақтау саласындағы менеджмент 1ж	Толық емес	Білім алушы жоқ	Білім алушы жоқ	Білім алушы жоқ
7M04150	Білім беру саласындағы менеджмент 1ж	Толық емес	Білім алушы жоқ	Білім алушы жоқ	Білім алушы жоқ
7M04121	Мемлекеттік және жергілікті басқару	Толық емес	Сәйкес	Сәйкес	Толық емес
8D04114	Мемлекеттік және жергілікті басқару	Толық емес	Сәйкес	Сәйкес	Толық емес
Экономика, қаржы және есеп кафедрасы					
6B04142	Экономика	Толық емес	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес
6B04143	Есеп және аудит	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес
6B04144	Қаржы	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес
7M04118	Экономика	Толық емес	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес
7M04120	Есеп және аудит	Толық емес	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес
7M04141	Қаржы	Толық емес	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес
8D04106	Экономика	Толық емес	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес
Халықаралық қатынастар кафедрасы					
6B03138	Халықаралық қатынастар	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес
7M03117	Саясаттану	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес
7M03140	Халықаралық қатынастар	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес

Шешім:

2.1. Мониторинг нәтижесі тиісті шешім қабылдау үшін факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің мәжілісіне ұсынылсын (*Жауапты: комиссия төрағасы С.Ерназарова*).

2.2. Оқытылатын пәнінің бейініне сәйкес оқытушылардың біліктілік арттыру сертификаттарының мерзімі негізге алынып, жаңарту үшін жоспар құрылсын (*Жауапты: кафедра меңгерушілері*).

2.3 Профессор-оқытушылар құрамының «Жасанды интеллект» және «Инклюзивті білім беру» бағытында біліктілігін артыру жоспары жасалып, факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің мәжілісіне ұсынылсын (*Жауапты: кафедра меңгерушілері*).

3. Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша комиссия мүшелері кафедралардағы жағдайға қысқаша есеп берді. Б.Кенешбаев: 2025-2026 оқу жылының күзгі семестрінде «Менеджмент және туризм» кафедрасында бакалавриатта 48, магистратура мен докторантурада 19, барлығы 67 пән профессор оқытушылар тарапынан жүргізілуде. 2025-2026 оқу жылының күзгі семестріндегі пәндердің оқу-әдістемелік кешенінің әзірленуі мен порталға толық жүктелуіне қатысты 2025 жылы қазан айының 7-9 күндері аралығында мониторинг жүргізілді. Мониторинг барысында бірнеше пәннің оқу-әдістемелік кешендері порталға жүктеу бойынша қиындықтар туындағандығы, бір салынған мәліметтің қайта көшіріліп кетуі, кей мәліметтердің мүлдем жүктелмей қалғандығы ескертілді. .

А.Нысанбаева: 2025-2026 оқу жылының күзгі семестрінде «Халықаралық қатынастар» кафедрасында бакалавриатта 20, магистратурада 10, барлығы 30 пән профессор оқытушылар тарапынан жүргізілуде. 2025-2026 оқу жылының күзгі семестріндегі пәндердің оқу-әдістемелік кешенінің әзірленуі мен порталға толық жүктелуіне қатысты мониторинг барысында базадағы кемшіліктерге байланысты өзгертулер енгізілді.

М.Оспанкулова: 2025-2026 оқу жылының күзгі семестрінде «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасында бакалавриатта 45, магистратурада 11, барлығы 56 пән профессор оқытушылар тарапынан жүргізілуде. 2025-2026 оқу жылының күзгі семестріндегі пәндердің оқу-әдістемелік кешенінің әзірленуі мен порталға толық жүктелуіне қатысты мониторинг барысында базаның жаңадан ауысуына байланысты оқытушы профессорлар құрамының жүктеген мәліметтері жаңартылып, қайта салынуға ұсынылды.

Шешім:

3.1. 2025-2026 оқу жылының күзгі семестріндегі пәндердің оқу-әдістемелік кешенінің әзірленуі мен порталға толық жүктелуіне қатысты мониторинг нәтижесі тиісті шешім қабылдау үшін факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің мәжілісінде қарауға ұсынылсын (*Жауапты: комиссия төрағасы С.Ерназарова*).

4. Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссиясының төрағасы С.Ерназарова: Қыркүйек, қазан айларында көптеген іс-шаралар жүргізілді, олардың біршамасына тоқталар болсақ:

1) Ең әуелі Экономика және басқару факультетіне қабылданған бірінші курс білім алушыларын қабылдау іс-шарасы 4-қабат академик С.Ж.Пралиев залында жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Жиын барысында әр кафедра меңгерулерімен және факультет құрамымен таныстыру жүргізілді. 08.09.2025ж.

2) Оқу ордамызға Түркия Республикасының сауда министрлігінің вице-министрі Сезай Учармак мырзамен Экономика, қаржы және есеп, Менеджмент және туризм, Халықаралық қатынастар мамандықтарының білім алушыларымен кездесу, семинар тренинг өткізілді. 09.09.2025ж.

3) «Таяу Шығыстағы соңғы оқиғалар аясында Ирактың геосаяси маңызы» тақырыбында Халықаралық қатынастар кафедрасының ұйымтасытруымен жоғары деңгейде семинар өткізілді. 10.09.2025ж.

4) Менеджмент және туризм кафедрасының бастамасымен «Мемлекеттік басқаруда жасанды интеллектті қолдану» тақырыбында Хаджеттепе университетінен (Түркия Республикасы) арнайы келген профессор, доктор Доган Нади Леблебижи мырзаның семинар тренигі ұйымдастырылды. 11.09.2025ж.

5) Мемлекеттік қызметте жастарға берілген мүмкіндіктер тақырыбында Менеджмент және туризм кафедрасы мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бірлесуімен семинар ұйымдастырылды. 19.09.2025ж.

6) Менеджмент және туризм кафедрасының оқытушыларысы А.Кенжебаева мен Кемал Кантаржының ұйымдасытруымен Дүниежүзілік туризм күніне орай «Халықаралық туризм күні» тақырыбына семинар өткізілді. 03.10.2025ж.

7) Экономика, қаржы және есеп кафедрасы мен «АТАМЕКЕН» ҰКП Түркістан филиалының бірігуімен «Бренд ұғымы және Түркістан облысындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінде брендті басқару» тақырыбында ғылыми семинар өтті. 17.10.2025ж.

8) Карадениз техникалық университетінің профессоры, доктор Муса Явуз Алптекин мырзаның жетекшілігімен «Scopus журналындағы жариялау процестері және академиялық баспа стратегиялары» тақырыбында семинар өтті. 17.10.2025ж.

9) Халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы, доктор Гулеже Шенелдің баяндамасымен «Халықаралық көші-қон үдерісі» тақырыбында семинар өткізілді. 24.10.2025ж.

10) Менеджмент және туризм кафедрасының меңгерушісі А.Құралбаев пен доктор, профессор Бахар Өзюруктің жетекшілігімен “Tedarik Zinciri Yönetimi Çerçevesinde Karbon Yakalama-Depolama ve Yenilenebilir Enerji Kaynakları” тақырыбында ғылыми семинар өтті. 28.10.2025ж.

11) Халықаралық еңбек ұйымы (ILO) Түркия кеңсесінің Миграция және босқындар мәселелері жөніндегі техникалық маманы Аниндя Датта Экономика және басқару факультетінің студенттері және оқытушы-профессорларымен онлайн кездесу өткізді. Белгілі маман Біріккен Ұлттар Ұйымының 80 жылдығына орай, Дипломатиялық сұхбаттар сериясы аясында – «Адамзатқа қызмет ету: Бір кәсіби маманның Біріккен Ұлттар Ұйымындағы жолы» атты баяндамасын оқыды. Айтулы жиынды Экономика және басқару факультеті, Халықаралық қатынастар кафедрасы ұйымдастырды. 30.10.2025 ж.

12) Түркия Республикасының белгілі дипломаты Левент Мурат Бурхан Экономика және басқару факультетінің студенттері және оқытушы-профессорларымен онлайн кездесу өткізді. Ол Біріккен Ұлттар Ұйымының 80 жылдығына орай дипломатиялық сұхбаттар сериясы аясында – «Біріккен Ұлттар Ұйымының 80 жылдығы және Түркияның БҰҰ жүйесіндегі орны» тақырыбында баяндама оқыды. 31.10.2025ж.

Сонымен қатар, Жалпы соммасы 9 347 642 теңгені құрайтын оқу процесіне қажетті оқулықтарды сатып алуға ұсыныс берілді.

Факультеттің және кафедралардың материалдық-техникалық жағдайын жетілдіру үшін қажетті құрал жабдықтарды сатып алуға ұсыныс берілді. Әр кафедраға 2 данадан жаңа компьютер мен принтер 3в1 сатып алуға, деканат қызметкерлеріне 3 жаңа компьютер мен 1 дана 3в1 принтер алынды.

Шешім:

4.1. Қыркүйек, қазан айларында атқарылған жұмыстар назарға алынсын және қанағаттанарлық деп бағалансын

Мәжіліс төрағасы:

Мәжіліс хатшысы:

С.Ерназарова

З.Байтлесова